

ранттылығы оның тұлғалық қасиеті болып табылады. Сондықтан оны қалыптастыру жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде кешенді жүзеге асыруды қажет етеді.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заны, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, 2004.
3. Шаяхметова М.Н. «Болашақ педагогтардың этникалық толеранттылығын қалыптастыру» Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дөрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, 2009.

## **БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ**

**Айқынбаева Г.К., Умирзакова А.М.**

*Қазахстан, Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

Отбасы – адам өмірінің алғашқы сатысы. Ол ерте жастан бастап балалардың санасын, еркін, сезімдерін бағыттап отырады. Ондағы салт-дәстүр, бала – болашақ оқушы жанұяда қандай орын алады, отбасы мүшелерінің оған тәрбиелік қатынасы қандай екендігіне көп нәрсе тәуелді, байланысты. Ата-ананың жетекшілік етуімен бала өзінің алғашқы өмірлік тәжірибесін, қоршаған ақиқат дүниесін туралы қарапайым білімдерін, қоғамдағы өмірлік икемділігі мен дағдыларын жинақтайды. Сондықтан да, мектептік дезадаптацияның қалыптасуына отбасының эсері, сонымен қатар, бала дамуының жанұя ішіндегі қатынастар сипаты мен ата-аналардың отбасында дұрыс тәрбие берудің маңыздылығын түсінуіне тәуелділігі деген сұрақты қарастыру міндетті.

Отбасы эсерінің күші, оның үнемі, ұзақ уақыт және әртурлі жағдаяттар мен жағдайларда жүзеге асуында. Сондықтан да, балаларды мектепке дайындаудығы отбасының эсерін тиісінше бағаламауға болмайды.

Балалармен қарым-қатынас кезінде, кейін «жақсы» немесе «жаман» жеміс беретін, мінезд-құлышқа дәні себіледі. Біздің балаларымыздың мектептегі сәтсіздіктері, олардың бірден ұжымға, жаңа ортаға ене алмауы, окуда ұлғірмеуі мен оқығысы келмеуі – көбінесе, ата-аналардың жіберген қателіктерінің, отбасындағы қарым-қатынастың, жанұяда қабылданатын өмірлік бағдарлардың нәтижелері.

Мектепте оқу, жанұя бала өмірінің алғашқы күндерінен бастап оның тек физикалық дамуына ғана қамқорлық жасап қана қоймай, сонымен қатар, бала бойында еңбекқорлық, ұйымшылдық, дербестік, тапсырылған іске жауапкершілікті қатынасты тәрбиелеуді қолға алған жағдайда ғана сәтті, жемісті бола алады. Сондықтан да, бала өмірінің бірінші күнінен бастап оған қойылатын талаптарда ешқандай асығыс, әбігершілік болмау керек. Баланың мектепке дайын болмау себептерін қарастырып көрейік.

Баланың ұжымда бақыланған жүргіс-тұрысы арқылы, оның мінезд-құлқы, әдеттері мен педагогикалық ынталық туралы көп нәрсе білуге болады. Жақындарымен қарым-қатынас барысында бала алғаш рет өзін басқалардың көзімен көре алады және соның негізінде балада өз-өзі туралы көзқарас құрылады. Оның көзқарасы ақиқатқа сәйкес болуы өте маңызды, әтпесе, жаңа таныстар тарарапынан асыра бағалаушылыққа ұшырауы мүмкін және ол баланың балалар ұжымына енүін күрделендіре түседі, сонымен қатар, баланың тұлғалық қалыптасуына әсер етеді. Содан кейін, ондай балалар «тәуекел тобы» категориясындағы немесе «қыын тәрбиеленетін» деп аталатын категориядағы балалар тізіміне енеді.

«Қыын» (немесе дезадаптацияланған) бала – бұл, «мектепке негативті қатынас және өз міндеттерін орындаудан бас тарту» қалыптасқан, дөрекі, тәртіпсіз, ата-анасы мен мұғалімдердің реніші мен ашу-ызасын келтіретін бала. Сондықтан тәменгі мектеп жасында мұғалімдер дабыл соға бастады.

Оның пайда болуын не анықтайды? Барлық нәрсениң бастауы, ата-аналардың балаға «қалыпты өмір» қамтамассыз етпеуінен, мақсатты түрдегі тәрбие орнына стихия мен жоспарсыз әрекеттердің болуынан.

Балалардың мінез-құлық философиясының өзіндік заңдары бар. Бұған дейін жүргізілген бақылаулар көрсеткендегі, тәменгі сыйып оқушыларының мінез-құлқының тоқсан пайызы отбасында және мектепте қалыптасатын эмоционалды-адамгершіліктік атмосфераға тәуелді болады екен. Бірақ, отбасындағы климат ерекше орын алады.

Жалпыға мәлім көзқарас бойынша, отбасындағы тәрбие жағдайы айтарлықтай деңгейде баланың өмірлік жолын анықтауға мүмкіндік береді. Отбасындағы ахуал оған толығымен әсер етеді. Сондықтан да, балада қандайда болмасын келелі мәселе, сонымен қатар, мектепте қындықтар пайда болса, оның себебін отбасы жағдайының ерекшеліктерінен іздестіре бастайды. Сәтсіз құрылған отбасынан шыққан бала, әдетте, онша жақсы оқымайды, өзін жаман жақтарынан көрсетеді, ал жасөспірімдік шақта мінез-құлқытың қоғамда әлеуметтік қолдау таппайтын формаларын таңдайды.

Нарықтық экономикаға өту қазіргі отбасының өмірлік іс-әрекетіне жан-жақты өзгерістер енгізді. Әр жыл сайын өз бетімен әлеуметтік-экономикалық өмірдегі қыншылықтарды жеңе алмайтын, «дағдарыс жағдайындағы жанұя» деп аталатын отбасыларының саны өсуде. Зерттеу жұмыстарының қорытындылары жанұядары бала санына байланысты отбасы жағдайларының материалдық деңгейіндегі айтарлықтай дефференциацияны анықтаған. Жанұядары саны неғұрлым көп болса, соғұрлым отбасының материалдық жағдайы да тәмен. Ал, нақты уақыттағы көпшілік көп балалы отбасыларының жағдайы өте тәмен, тіпті кей білеулері естен таңдырлықтай.

Осы заманға отбасы «қатып қалған әлеуметтік институт немесе ұйым емес, ал керісінше, үнемі диелектикалық даму үстінде болатын динамикалық микрожүйе ретінде танылады. Отбасы құрылымында болған белгілі бір өзгерістер жалпыға мәлім: жанұя көлемінің және балалар санының азаюы, жанұядары улken аға мен әпкенің рөлінің азаюы, отбасы мүшелерінің арасындағы айқын дифференциацияның толықтай жоғалуы». Ер адамдар уақыт өткен сайын өз балаларын тәрбиелеуден шет калуда (бұл беталыстың бұрын да болғанын ескере кеткен жөн), өздеріне осы процеске байланысты аз мөлшердегі жауапкершілікті жүктеуге ұмтылады. Әйелдер өз балаларына мінез-құлық моделінің шындыққа сай келмейтін стереотипін ұсынады (қоғамдағы жыныстық дефференциацияға байланысты): ұлдарға – әкесінің жеке үлгісін есепке алмай, «көремет ханзада» мен «Шварценегердің» қосынды үлгісін, ал қыздарға – күнделікті көз алдында тұған анасы үлгі бола тұра, әлі күнгө дейін, бүгінгі таңдағы шынайы әйелге сай келмейтін, қарапайым, шаруақор, сыпайы әйелдің мінез-құлық стереотипі әсер етеді.

Накты уақытта, бір жағынан жанұяның экономикалық қызметінің кеңеюіне, екінші жағынан, отбасына да, қоғамға да кері әсерін тигізетін тәрбиенің әлсіреуіне әкеліп тіреген әлеуметтік – экономикалық факторлар әрекет етеді. Ата-аналардың жауапкершіліксіздігі, отбасын құратын адамдардың инфантилді мінез- құлқына байланысты аналық және әкелік міндеттерін, борыштарын орындауға қабілетсіздіктері ата-аналар мен балалар арасындағы құрделі, әрі қыын өзара қатынастың және көпшілік жағдайда дезадаптацияланған балалар санының өсуінің себептері болып табылады. Бүгінгі күні көптеген ата-аналар өздерінің жанұяларын жан-жақты қамтамасыз ету үшін, екі – үш жұмыс орнында жұмыс істеуге мәжбүр. Оларға, бала тәрбиесіне, физикалық тұрғадан уақыт жетпейді. Ал, балалармен айналысуға уақыты да, ынтасты да бар ата-аналарға, жиі, қарапайым білім қоры жетіспей жатады. Бүгінгі таңда көпшілік ата-аналардың психолого-педагогикалық сауатсыздығы айдан анық. Өкінішке орай, өздерінің туған балаларын тәрбиелеуден саналы түрде бас тартып, оларды тағдар тәлкегіне тастан кететін әке-шешелер де бар.

Дж.Пирстің анықтамасы бойынша осы заманғы ата-аналар бір-бірінің жанында тіршілік етеді, өмір сүреді бірақ бірге емес. Отбасының әрбір мүшесі балаға үнемі мейірімділік, қолдау, көмек, көніл бөлу керектігін және оның ойынша шешілуі қыын мәселелерін түсінуді

қажет ететінін ұмытып, өздерінің келелі мәселелерімен айналысады. Мұны істеудің орнына қазіргі ата-аналар балаларының тәрбиесін мүмкіндігінше тезірек балалар мекемесіне жүктеп, бос уақытында өзінің карьерасы туралы ойлап, жеке өмірімен айналысады. Ал, бұл жағдай қай жағынан алып қарасақ та, баланың дамуына қолайлы жағдай жасамайтыны анық. Кейде, бүгінгі өмір талабы өзіндік қызығушылықтар мен талпыныстарға сай емес, тіпті қарама-қайшы шешімдер қабылдауға мәжбүр етеді. Бұған былай жауап беруге болады: тек ынта, талағың болса, компромиссті әрқашан табуға болады. Дж.Пирстің ұсынған, «ата-аналықта бірігү» («Воссоединение в родительстве») ұғымы шын мәнінде осы заман отбасына қойылатын, қазіргі жағдайда шынайы орындауға болатын, актуальді талап. Бұл көпшілік жағдайда балалардың жүйке ауруларының алдын алуға, ал ол өз кезегінде болашақ ұрпақтың психикалық денсаулығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Балалар ересек өмірге қарым-қатынастың балалық шақта қалыптасқан стереотипімен өтеді. Егер бала ата-анасының ұрсыс-керісін жиі көретін болса, онда ол ондай әрекетті өмірдегі қалыпты жағдай, норма деп қабылдайды да, өз бойында сондай әрекет дағыларын қалыптастырады. Өз кезегінде ата-ана болғанда балалық шақта қалыптасқан өз отбасы туралы көзқарастарын санадан тыс түрде жүзеге асырады. Ал, жанұядағы қатынастағы үйлесімділік, гармония болашақ үйлесімді тұлғаны тәрбиелеуге тоғызымен негіз бола алады (әрине қателеспейтін жан болмайды).

Біздің елде әлі күнге дейін әлеуметтік тұрақсыздық жағдайы орын алып отыр. Сол себепті ондай жағдайда өмір сүретін тұлға, әлеуметтік орта бейнесін құруда қыыншылықтарға кездеседі де, осыдан ортаға адаптациялану мәселесі туындейдьы. Адамзат алдында құндылықтар жүйесін қайта құру мәселесі тұр, тұлға ең бірінші кезекте тіршілік ету үшін күресуге мәжбүр. Сонымен қатар, – тұлғаның сәйкестік мәселесі. Ол тұлғаның белгілі бір класқа, типке жататындығын болжайды. Тұлғаның есеюіне байланысты, аталған проблемалар өз әсер ету сипатын өзгертеді, бірақ, ол мәселелерді бастаң өткери ересек адамдарда да (ата-аналар мен мұғалімдер), төменгі сынып окушыларында да эмоционалды және мінез-құлыш қындықтарын күшайте түсетіні сөзсіз. Олардың қатарына әлеуметтік және мектептік дезадаптацияның туындауына себеп болатын мазасыздық, стресстер, депрессиялар, агрессиялар, қорқыныш және т.б. жатады.

Э.Эриксон былай «Көпшілік балалардың дамуы, отбасы өмірінде баланы мектеп өміріне даярлай жүзеге аспаса немесе мектептік өмір ерте кезеңінде үмітін актамаған жағдайда, бұзылады» деп айттып өткен.

Баланың мектепке келген кезінде балаға қойылатын талаптар шексіз өседі, сонда, баланың мектептегі алғашқы жылдары лакмус қағазы сияқты, ең алдымен отбасынадағы тәрбие ерекшеліктеріне байланысты, дамудың ерте бұзылыстары байқалады. Сөйтіп, баланың нәрестелік кезеңдегі өзіне жақын ересек адамдармен (ең алдымен, анасымен) өзара қатынасының бұзылысы, кейіннің анасына деген үрейлі құштарлықтың немесе қоршаған әлемге сенімсіздіктің қалыптасуына әкеледі. Әбидің мұндай ерте құштарлықтары оның адамдармен болашақтағы қарым-қатынасының негізін құрауы әбден мүмкін, ал, ерте балалық шақта ересектермен сенімді байланыс құра алмаған бала ертенгі күні есейген кезде басқа адамдармен қарым-қатысас кезінде айтартықтай қындықтарға кездеседі. Бұл негативті белгілер баланың есеюіне қарай әртүрлі формаларды иемдене отырып, жеткілікті тұрақты сипатқа ие.

Мектепке келген кезде, анасына деген үрейлі құштарлығы бар балалар басқаларға қаранды көбірек үлкендердің бағалауына тәуелді, құрбыларымен контактіге қын түседі, ортаңың стрессогенді әсерлеріне өте сезімтал.

Баланың еркелік, қиқарлық, қырысқытық, қиянқылық және агрессивті мінез-құлқы отбасы педагогикасының жиі кездесетін теріс жақтары болып табылады. Бұл сипаттар ерте жастағы балаға тән және үш жас дағдарысы деп аталатын көрсеткіштер болып табылады. Бұл алғашқы өзіндік «Меннің» айқындалуы, көп нәрсені өзі істеп үйрену мен өз мәселелерін өз бетімен шешу үшін, ата-аналармен психологиялық қашықтықты алшақтатуға талпыну. Ата-анасынан психологиялық алшақтаусыз балаға өмірдегі өз орнын табу, сәтті адаптациялану мен әртүрлі жағдайға икемді мінез-құлыш механизмдерін өңдеу қыынға түседі.

Бұл даму дағдарысының жедел өту теріс көрсеткіш болып саналмайды. Керісінше, баланың жаңа сипатта өзін-өзі басқара алының айқын көрінісі. Осы кезде, бала психикасында оның тұлғалық дамуына қажетті жасерекшелік жаңашылдық пен адаптивті қабілеттер қалыптасады. Қиқарлық – балаға қажетті ерік-жігер сипатының көріну деңгейі, ал, еркелік – басқаларға өзін көрсеті немесе демонстрациялаудың, өзіндік «Менінің» көрінісі, агрессивтілік – өзіндік қорғаныс формасы сипатында көрініс табады.

Ақылгөй, дана тәрбиешілер дағдарыстың өтуін жеңілдетуге, қалыптасуышы маңызды сапалардың ауыр формаларының бекіп қалуына жол бермеуге тырысады. Бірақ, көбінесе атапаналар баланың еркелігі мен қиқарлығын, агрессиясын, олардың көрінуіне сөзсіз тыыйым салу жолымен, толығымен ығыстыруға ұмтылады. Бұл жағдайда жақсы, тәртіпті, тіл алғыш, атапанасының мақтанышы, әжесінің сүйікті болатын балалар жан-жақты мейірімділікке «ішкі стерженнің» бұзылысымен жауап береді. Өсе келе, ондай балар көбінесе «жок» деп айта алмайды. Ерте жастан өз беттелік пен автономдылықтың дамымауы және негативті сезімдердің көрінуіне тыыйым салу мектепке оқуға бару кезеңінде адаптацияның әртүрлі қыындықтарына айналады. Бұл мәселе әртүрлі көрініс табуы мүмкін: бір балада есесуден қорку мен дептессивті симптоматика, екіншісінде – өз күшіне сенбеу және соның себебінен сабакта бауап бере алмау мен маңызды тапсырмаларды орындауға қабілетсіздік, үшінші біреуде – жалпы «жақсы болуға» талпыныс кезінде, кенеттен негізсіз ашу-ызаның пайда болуы.

Мектепке дейінгі жас кезеңі бала тұлғасының қалаптасуында соншалықты, сан-салалы және маңызды. В.А.Сухомлинский «балалар – бұл, әкелер мен шешелердің адамгершіліктік өмірінің айнасы», – деп текке айтпаған. Баланы жақсы білу үшін, оның мінезін, мінез-құлқының мотивін, рухани сұраныстарын түсіну үшін, оның жанұясын терең білу керек.

#### **Әдебиеттер:**

1. Андрюшенко Т.Ю., Карабекова Н.В. Коррекция психологического развития младших школьников на начальном этапе обучения. // Вопросы психологии. – 1993. – № 1 – с.47-53.
2. Баркан А.И. Типы адаптации первоклассников // Педиатрия – 1993. – № 5 – с. 36-45.
3. Божович Е.Д. Личность и ее формирование в детском возрасте. М., 1986.
4. Венгер А.Л. Переход от дошкольного к младшему школьному возрасту. /Вопросы психологии. № 2, 1994, стр 22- 28.
5. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. М, 2004.
6. Кравцова Е., Кравцова М. Как не отбить у детей желания учиться. // Школьный психолог. – 2004. – № 12 – с. 35-37.
7. Рахманкулова Р. Программа работы по профилактике и коррекции дезадаптации у первоклассников. // Школьный психолог. – 1998. – № 9

#### *Аннотация*

*В статье рассматривается роль семьи в подготовке детей к школьному обучению.*

## **ОТБАСЫНДАҒЫ ДҰРЫС ЕМЕС ТӘРБИЕНИҢ ТИПТЕРИ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАҒА ӘСЕРІ**

**Айқынбаева Г.К., Умирзакова А.М, Байтікбаева Л.Ж.  
Қазахстан, Астана қ.**

Отбасы адамға тыныштық, сенімділік сезімін, теңдесі жоқ қатынастар, туыстары мен жақындарының жылулығын береді, адам тұлғасының қалыптасуы мен дамуында маңызды орын алады. Отбасының жеке адамдық бақыт құрудады ролі аз емес. Қалыпты, қарапайым отбасының макроклиматы, қогамдық мекемелерге: мектеп пен балабақшаға қарағанда, оның кішкентай мүшелерінің жалпы рухани дамуына көп мүмкіндік тудырады.

Адамның жеке даралығының қалыптасуындағы отбасының орнын ешнэрсе алмастыра алмайды.